# "Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2011 – 2015 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын (1-кезең) бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 11 ақпандағы № 130 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 20 қазандағы № 1113 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2011 – 2015 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын (1-кезең) бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 11 ақпандағы № 130 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2011 ж., № 20, 241-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2011 – 2015 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарында (1-кезең):

«Мақсат: балаларды мектепке дейінгі сапалы тәрбиемен және оқытумен толық қамтуды, балаларды мектепке даярлау үшін олардың мектепке дейінгі тәрбиелеудің және оқытудың әртүрлі бағдарламаларына тең қол жеткізуін қамтамасыз ету» деген бөлімде тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Мақсат: халықтың мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарының сапалы көрсетілетін қызметтеріне сұранысын қанағаттандыру»;

«Нысаналы индикатор: 3 жастан 6 жасқа дейінгі балалардың 74 %-ын мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамту» деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«Нысаналы индикатор: 3 жастан 6 жасқа дейінгі балалардың 77,7 %-ын мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамту» деген сөздермен ауыстырылсын;

«Нәтижелер көрсеткіштерінде»:

«жекеменшік балабақшалардың жалпы балабақшалар санынан үлесі – кемінде 12 %» деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«жекеменшік балабақшалардың жалпы балабақшалар санынан үлесі – кемінде 27,9 %»;

реттік нөмері 61-жол алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 67-1, 67-2, 67-3, 67-4, 67-5, 67-6, 67-7, 67-8-жолдармен толықтырылсын:

«

| | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 67-1 | Мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру есебінен мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында қосымша орындар енгізуді қамтамасыз ету, оның ішінде: республикалық бюджет есебінен: 2010 жылы – 89 723; 2011 жылы – 68 777; 2012 жылы – 52 641; 2013 жылы – 34 607; 2014 жылы – 32 874; 2015 жылы – 28 546; жергілікті бюджеттер есебінен: 2014 жылы – 23 375; 2015 жылы – 20 288. | - | ҚР БҒМ-нің ҚР Үкіметіне ақпараты | Облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдері, ҚР БҒМ | Жыл сайын, шілде, қаңтар | 12133,6 | РБ | 9286,9 | РБ | 6105,4 | РБ | 6217,5 | РБ | 5399 | РБ |
| | | | | | | - | ЖБ | - | ЖБ | - | ЖБ | 3437,8 | ЖБ | 2907,0 | ЖБ |
| 67-2 | Мектепке дейінгі білім беру объектілерін салу, оның ішінде: 2011 ж. – 15 460 орындық 56 объекті; 2012 ж. - 5 800 орындық 32 объекті; 2013 ж. – 3 840 орындық 14 объекті; 2014 жылы – 32 объекті ; 2015 жылы – 6 объекті; | - | ҚР БҒМ-нің ҚР Үкіметіне ақпараты | ҚР БҒМ облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдері | Жыл сайын, шілде, қаңтар | 36535,4 | РБ | 10923,0 | РБ | 8513,2 | РБ | 9633,7 | РБ | 3570,6 | РБ |
| | | | | | | 788 | ЖБ | 139,5 | ЖБ | 247,0 | ЖБ | | | | |
| 67-3 | Енгізудің басқа тәсілдері есебінен мектепке дейінгі ұйымдарды ашу (шағын орталықтар, бұрын жекешелендірілгендерін қайтару, тұрғын үйлердің 1-қабаттарында ашу, жалға берілген коммуналдық меншіктегі жеке тұрған ғимараттарды босату, балабақшаларды ашуға жарамды өзге де ғимараттар мен үй-жайларды беру ) | - | ҚР БҒМ-нің ҚР Үкіметіне ақпараты | Облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдері, ҚР БҒМ | 2011-2015 жж. | ЖБ шеңберінде | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 67-4 | Өңірлерде жеке меншік мектепке дейінгі ұйымдар желісін дамыту бойынша мемлекеттік-жекешелік әріптестікті іске асыру | - | ҚР БҒМ-нің ҚР Үкіметіне ақпараты | Облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдері, ҚР БҒМ | 2011-2015 жж. | Талап етілмейді | | | | | | | | | |
| 67-5 | Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары үшін педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру және қайта даярлауды қамтамасыз ету, оның ішінде: 2011 жылы – 2 341;<br>2012 жылы – 1 391<br>2014 жылы – 1 391<br>2015 жылы – 7 716 | - | ҚР БҒМ-нің ҚР Үкіметіне ақпараты | Облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдері, ҚР БҒМ,<br>ҚР ДСӘДМ | 2011-2015жж. | 340,1 | РБ | 202,1 | РБ | - | - | 189,7 | РБ | 276,3 | РБ |
| 67-6 | Мектепке дейінгі ұйымдардағы кезектілікті мониторингтеу | - | ҚР БҒМ-нің ҚР Үкіметіне ақпараты | Облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдері, ҚР БҒМ | Жыл сайын шілде, қаңтар | Талап етілмейді | | | | | | | | | |
| 67-7 | Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары әдістемелік бірлестіктерінің жанынан ата-аналарға арналған консультациялық пункттер құру | - | ҚР БҒМ-ге ақпарат | Облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдері, ҚР БҒМ | Жыл сайын шілде, қаңтар | ЖБ шеңберінде | | | | | | | | | |
| 67-8 | Инклюзивтік білім беру үшін жағдайлар (пандустар, Кіреберістер, көтергіштер, жеделсатылар) жасау | - | ҚР БҒМ-нің ҚР Үкіметіне ақпараты | Облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдері, ҚР БҒМ | 2014-2015 жж. Шілде, қаңтар | ЖБ шеңберінде | | | | | | | | | |

».

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| *Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі* | *К.Мәсімов* |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК